



№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекіткен:
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева А.Шуиншалиева

«Балабақша-жайлы мекен»

/30 тамыз Конституция күні мен
1 қыркүйек –Білім күніне арналған іс-шара/

Ұйымдастырушы-педагог: Ә.Өтепберген

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: « Балабақша-жайлы мекен »

Бір топ балалар «Көк туың желбіре» биімен ортада мерекеміздің ашылуын тамашалаймыз.

ҚР Мемлекеттік әнұраны.

Жүргізуші: Ата заңым-ардағым

Аялаған адамзаттың арманын.

Жол бастайды болашаққа жасампаз,

Әрбір бабаң, тарауларың, тармағың.

Алтын заңда парасатым пайымым.

Алтын заңда күш қуатым жалыным

Сен қорғайсың бостандықпен құқықты.

Құрметті ұстаздар, бүлдіршіндер Конституция күніне арналған «Балабақша-жайлы мекен» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Келесі құттықтау сөз балабақшамыздың меңгерушісі Мухашова Саулегул Мырзабайқызына беріледі.

Ән: «Татулықта күшіміз» орындайтын Жұбан Жұпар-Ай

(Әсем әуен ойналып «Бақыт құсы» ұшып келеді

Бақыт құсы: 30 тамыз-Ата Заң күнінің кеше ғана бүкіл ел тойлады. Ата Заң елдегі бақыт пен бірліктің, бостандық пен теңдіктің кепілі. Бұл мереке туралы бұрын сендер естідіңдерме?

Балалар: Естігенде қандай! Ата Заң мерекесіне біз арнайы тақпақтар жаттадық.

Тақпақтар.....

Бақыт құсы: Өте тамаша! мен риза болып тұрмын. Кеткім келмейді, бірақ бүкіл Қазақстанды аралап шығуым үшін асығуым керек. Көп рахмет сендерге балалар! Мереке мерекеге ұласа берсін! Сау болыңдар!

Жүргізуші: Аспанымыз ашық болсын!

Жүрегіміз гүлге толсын!

Елбасымыз аман болсын!

Заманымыз тыныш болсын!

Балабақшамыз гүлдене берсін!

Біз сіздерге сәттілік тілейміз! Балалар!

Құрметті ұстаздар, бүлдіршіндер сіздерді тағыда ата заңымыз қабылдаған «30-тамыз Конституция» күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Еліміз аман жұртымыз тыныш болсын!

Жүргізуші: Балабақшамыздың нағыз ерке, білімге деген қызығушылығы мол достарымыз келе жатырғой

Би «Кітаптар» орындайтын балабақшамыздың бір топ бүлдіршіндері

Жүргізуші:

1.Бала: Қандай керемет!Бүгін көңіл күйім шарықтап тұр!

2.Бала: Себебі бүгін мереке ғой!

3.Бала: ИӘ нә! Бүгін-1 қыркүйек білім күні!

4.Бала: Бәсе барлық балалар әдемі киініп алыпты.

5.Бала: Осылай әнгімелесіп тұра беремізба?Балаларды шақырып,мерекені бірге тойламаймызба?

Балалар:Кеттік онда!!!

(Көңілді музыкамен Күлдіргіштер бір бірімен атылытын пистолетпен атысып немесе майда доптармен ойнап келеді.

1.Күлдіргіш: О!Мұнда балалар көп екен!Жақсы болды!

2.Күлдіргіш: Келіңдер балалар қызық ойын ойнайық!

3.Неге сонша бәрі сықниып киініп алғансыңдар?

Бала:Бүгін білім күні ғой! Үлкен мереке!Біз енді ойынды азайтамыз,көбірек оқитын боламыз.

Күлдіргіш: Солай деңдер!Ал көп оқып миларың ашып кетпейма?

Жүргізуші: Жок Күлдіргіш сен оданда бізбен бізбен бірге оқып білім ал!біздің балаларымыздың білімі мен ақылдығын көрші

Жүргізуші: Балаларымыздың тақпақтарын тамашалаңыздар!

Тақпақтар:

Күлдіргіш: Тамаша! Ендеше біз басқада күлдіргіш достарымды шақырып сендермен мерекені тойлайық! Білім алайып оқып үйренейік.

Ән «Оқып біліп үйренеміз» орындайтын Сейітмұратқызы Ясмина

Жүргізуші: Мереке тағыда құтты болсын!Қоңырау үнімен жаңа оқу жылының алғашқы оқу-іс әрекетін бастау үшін тобымызға асығайық.Шаршамай -талмай білім теңізіне сүңгейік.Биіктерді бағындырудан жалықпайық!